

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD),
бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау
жөніндегі Диссертациялық Кеңестің басшыларын сайлау бойынша мәжілістің
ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

06.09.2019 ж.

Қатысқандар: п.ғ.д., профессор К.М.Беркимбаев – төраға,
п.ғ.д., профессор Ү.А.Байзақ, ф-м.ғ.д., доцент Т.А.Тұрмамбеков, п.ғ.к., доцент
Ә.Х.Сарыбаева, PhD, доцент Ш.Ж.Раманкулов, п.ғ.к., профессор
П.И.Сапарходжаев, п.ғ.к., доцент У.З.Ешимова, ф-м.ғ.к., профессор
Қ.Б.Тлебаев, п.ғ.к., доцент К.А.Ортаева, хатшы – Сейтқұлова Ж.А.

Күн тәртібі:

1. «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңестің басшылығын сайлау туралы

1. Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев: ҚР БҒМ-нің Ғылым мен Білімді бақылау комитеті төрағасының 29.11.2019 ж. №2058 бұйрығына сәйкес, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің 31.03.2019 ж. №9 Сенат мәжілісінің «PhD диссертациялық кеңес ережесі мен құрамын бекіту туралы» шешімі бойынша «6D011000 – Физика» мамандығы Диссертациялық кеңес мүшелерінен кеңес төрағасын, төраға орынбасары мен Ғалым хатшыны сайлауды ұсынды.

Диссертациялық кеңес мүшелері бірауыздан ашық дауыспен ғылым саласында және ғылыми кадрларды даярау бойынша сіңірген еңбектерін сонымен қатар мамандықтың бағытын ескере отырып Кеңес төрағалығына п.ғ.д., профессор Ү.А.Байзақты, төраға орынбасарлығына п.ғ.к., профессор П.И.Сапарходжаевты, Ғалым хатшылыққа п.ғ.к., доцент Ә.Х.Сарбаеваны сайланылуын ұсынды.

Ф-м.ғ.д., доцент Т.А.Тұрмамбеков: «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңес мүшелерінің көпжылдық ғылыми-әдестемелік саладағы қызметтерін ескере отырып, жоғарыдағы кеңес мүшелерінің қызметтеріне сайланылуын қолдаймын.

П.ғ.к., профессор П.И.Сапарходжаев: Диссертациялық Кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы еңбектерін ескере келе, қолдаймын.

П.ғ.к., доцент К.А.Ортаева: Диссертациялық Кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, қолдаймын.

PhD, доцент Ш.Ж.Раманкулов: Диссертациялық Кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, ғалымдардың ғылым саласындағы және ғылыми кадрларды даярлау бойынша сіңірген еңбектерін сонымен қатар мамандықтың бағытын ескере келе, қолдаймын.

Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев: сайлау үдерісін өткізейік.

Диссертациялық Кеңес мүшелері «ашық дауыспен» бірауыздан қолдап, сайлау үдерісін өткізді. Тізім бойынша дауыс беру ұсынылды: «Жақтап» – 8; «Қарсы» – жоқ; «Қалық» – жоқ.

Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К.М.Беркимбаев: Кеңес басшылығын сайланылуымен құттықтаймыз. Кеңестің жұмысына сәттілік тілейміз.


П.ғ.к., профессор Ү.А.Байзақ: Сенімдеріңізді ақтауға тырысамын.

П.ғ.к., профессор П.И.Сапарходжаев: Маған ұсынылған Кеңес төрағасы орынбасары қызметін лайықты атқарып, сенімдеріңізді ақтаймын деген ойдамын.

«Ашық дауыс» беру нәтижесінде **Диссертациялық кеңес қаулы етеді:**

1. «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес төрағасы п.ғ.д., профессор Ү.А.Байзақ, төраға орынбасары қызметіне п.ғ.к., профессор П.И.Сапарходжаев, Ғалым хатшы п.ғ.к., доцент Ә.Х.Сарыбаева сайланды.

Мәжіліс төрағасы



Беркимбаев К.М.

Хатшы



Сейтқұлова Ж.А.

